

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 2010 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалудың және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 P990245_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 9, 69-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалудың және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Заңды тұлғалар қызметкерлердің оларға еңбекақы түрінде төленуге жататын кірістерінен "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерде ай сайын міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалуға және оларды табыстарды төлеумен бір мезгілде жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға міндетті.

Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын, жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын жеке тұлғалар, осындай қызметкерлердің оларға еңбекақы түрінде төленуге жататын кірістерінен "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерде ай сайын міндетті зейнетақы жарналарынан ұстап қалуға және оларды кірістерді төлеумен бір мезгілде жинақтаушы зейнетақы қорларына енгізуге міндетті. Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын жеке тұлғалар мүліктен түсетін кірісті және салық заңдарына сәйкес ұсталынып қалуға тиісті шығыстарды алып тастағанда, айлық жиынтық кірісінен өзі үшін міндетті зейнетақы жарналарын аяқталған айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей төлеуге міндетті."

2-тарAUDYң тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалудың мөлшері мен жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың тәртібі.";

5, 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Төлеушілер жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын мынадай ставкалар бойынша ұстап қалады:

заңды тұлғалар - әр қызметкердің зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын кірісінен он процент мөлшерінде, 1998 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша он жылдан кем әскери қызмет, ішкі істер органдарындағы қызмет стажы бар әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін зейнетақы мен қамсыздандыру үшін ескерілетін айлық ақшалай үлестің жиырма проценті мөлшерінде;

заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын, жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын жеке тұлғалар - осындай әрбір қызметкердің зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын кірісінен он процент мөлшерінде, бірақ заң актісімен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің он процентінен кем емес;

заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын жеке тұлғалар өздері үшін зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын кірісінен он процент мөлшерінде, бірақ заң актісімен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің он процентінен кем емес;

6. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын:

жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын заңды тұлғалар мен заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын жеке тұлғалар - жалақының барлық түрлерін, сондай-ақ түрлі сыйлықақыларды, тоқтап тұрған уақытқа төлеуді, науқастану парағына төлеуді қоса алғанда қосымша ақыларды, үстеме ақыларды қоса есептегенде қызметкерлерге еңбекақы түрінде төленетін кірістерден;

заңды тұлғалар әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін мөлшері "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес белгіленетін ақшалай үлестен;

заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын жеке тұлғалар өзі үшін мүліктен түсетін кірісті және салық заңдарына сәйкес шегеруге қабылданған шығыстарды шығарып тастағанда, айлық жиынтық кірістен ұстап қалады";

9-тармақтың бесінші абзацындағы "жүргізіледі" деген сөздің алдынан "әр ай үшін жеке" деген сөздермен толықтырылсын";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын

жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорына өз қызметкерлерінің кірісінен ұсталған міндетті зейнетақы жарналары сомаларын аударған (банкке қолма-қол енгізген) кезде төлем құжаттарында тиісті жинақтаушы зейнетақы қорларының деректемелерін, ал олармен қоса берілетін тізімдерде қызметкерлерге тағайындалған әлеуметтік дербес кодтарды, олардың тегін, атын, әкесінің атын, туған айы-күнін, жарнаның сомасын және міндетті зейнетақы жарнасы төленіп отырған кезеңді (ай, жыл) көрсетуі тиіс. Егер тегі, аты немесе әкесінің аты өзгерген жағдайда, жаңасымен бір уақытта әлеуметтік дербес кодты беру үшін тіркеу картішкесіне енгізілген бұрынғы тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын жеке тұлғалар өзі үшін міндетті зейнетақы жарналарын банкке аудару немесе төлеу кезінде төлем құжаттарын өзі туралы ғана мәліметтерді көрсете отырып т о л т ы р а д ы " ;

1 1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Төлемдердің мына түрлеріне" деген сөздер "Төлемдердің мына түрлерінен ұсталады" деген сөздермен ауыстырылсын;
жетінші абзац алынып тасталсын;

2 1 - т а р м а қ т а :

"бес" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлеушілер міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына уақытында аудармағаны үшін өсімақы төлеуді міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге арналған осы Ереженің 4-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізеді." ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Төлеушілер өсімақыны уақытында аудармаған жағдайда, аудару жеке тұлғалардың тізімін қоса, әрбір ай үшін жеке-жеке МТ-102 нысанында төлем парағын ресімдей отырып жүргізіледі.";

29-тармақ алынып тасталсын;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Төлеушілердің міндетті зейнетақы жарналарын аударуын, белгіленген жағдайларда өсімақы төленуін, жинақтаушы зейнетақы қорлары жүргізетін, міндетті зейнетақы жарналарының қате есептелген сомасының қайтарылуын бақылауды қамтамасыз ету үшін, Орталық күн сайын өткен күн үшін төлеушілерді тіркеу облыстары, аудандары бойынша келіп түскен

тізілімдерді, сондай-ақ қайтарылған, қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарының тізілімін және электрондық төлем тапсырымдарын Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұсынады.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.